

Баспасөз хабарламасы

Астана қ., 25 мамыр 2026 жыл

«ҚазТрансОйл» АҚ 2026 жылдың 1 шілдесінен бастап магистральдық құбырлар арқылы мұнай тасымалдау қызметтеріне тарифтердің өзгергені туралы хабарлайды

«ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының (Басқарма төрағасының) 2026 жылғы 22 мамырдағы №31 бұйрығына сәйкес, мұнайды магистральдық құбырлар арқылы экспорттық нарыққа тасымалдау бойынша кейбір реттелетін қызметтерге тарифтер бекітілді.

2026 жылғы 1 шілдеден бастап тарифтер төмендегідей болады:

- Т. Қасымов атындағы мұнай айдау станциясында мұнайды теміржол цистерналарына құю қызметі бойынша – 1 тонна үшін 1 292,51 теңге (ҚҚС-сыз), өсім 79,31 теңгені немесе 6,5%-ды құрайды;
- Т. Қасымов атындағы мұнай айдау станциясында мұнайды қыздыру арқылы Каспий құбыр консорциумы жүйесіне ауыстырып тиеу қызметі бойынша – 1 тонна үшін 500,10 теңге (ҚҚС-сыз), өсім 180,01 теңгені немесе 56,2%-ды құрайды;
- Қазақстан мұнайын басқа мемлекеттердің құбыр жүйелері арқылы тасымалдауды ұйымдастыру (бірыңғай маршруттау бойынша операторлық қызмет) бойынша – 1 тонна үшін 120,34 теңге (ҚҚС-сыз), өсім 35,87 теңгені немесе 42,5%-ды құрайды.

Айта кету керек, жоғарыда аталған қызметтер бойынша тарифтер 2023 жылдан бері қайта қаралмаған.

Анықтама үшін:

«ҚазТрансОйл» АҚ — «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобына кіретін магистральдық мұнай құбыры бойынша ұлттық оператор. Ұзындығы 5,2 мың км магистральдық мұнай құбырларының әртараптандырылған желісіне ие және жалпы ұзындығы 5 мың км-ден асатын сырт ұйымдардың құбырларына қызмет көрсету бойынша операторлық қызметтер көрсетеді.

**«ҚазТрансОйл» АҚ
жұртшылықпен байланыс
және ішкі коммуникациялар басқармасы**